



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.12. 2025 жыл

№ 8, 11-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы органдарының қызметіне жасанды интеллектіні енгізу бағдарламасын бекіту туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының кәсіподақ органдарының қызметіне жасанды интеллектіні енгізу жөніндегі «Қадамдап ілгерілеу: идеядан міндеттерді жүйелі кеңейтуге дейін» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа 2026 жылғы I тоқсанда өтетін Атқару комитетінің кезекті отырысына жұмыс тобының құрамына қатысты ұсыныстарды бекітуге енгізу тапсырылсын.

3. Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппаратына:
- 2026 жылдың III тоқсанында жасанды интеллект шешімдерін пилоттық енгізуді қамтамасыз ету;
- жыл бойы кадрлардың цифрлық құзыреттерін жүйелі түрде оқыту мен арттыруды ұйымдастыру;
- Бағдарламаның іске асырылуына тұрақты мониторинг жүргізу және жасанды интеллектіні пайдалана отырып, дайындалған материалдарға сараптамалық тексеру жүргізу жүктелсін.

4. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басшылық органдары осы Бағдарламаны басшылыққа ала отырып, 2026 жылдың III - IV тоқсандарында тексерілген шешімдердің ауқымын кеңейтуді қамтамасыз етсін.

5. Жасанды интеллект технологияларын енгізу заңдылық, дербес деректерді қорғау қағидаттарына және Кәсіподақ мүшелерінің мүдделерінің басымдығына қатаң сәйкес жүзеге асырылсын деп белгіленсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева